

Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 272 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32956 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 110-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі төрағасы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 272 Бұйрыққа
1-қосымша

Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 110-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

2) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауға арналған ақпараттандыру объектісі;

3) бастапқы бизнес (стартап жоба) – микрокредит беру ұйымына немесе сенім білдірілген өкілге (агентке) микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер ретінде

мемлекеттік тіркелу мерзімі бір жылдан аз уақытты құрайтын қатысушылардың бизнес-жобалары;

4) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата, әже, немерелер;

6) жұмыссыз – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

7) кредиттік серіктестік (бұдан әрі – КС) – қатысушыларының ақшаларын шоғырландыру жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен кредиттерге және басқа да қаржылық, оның ішінде банк қызметтеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеке және/немесе заңды тұлғалар құрған заңды тұлға;

8) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының функцияларын аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орындауды жүзеге асыратын филиалы;

9) микрокредит беру ұйымы – кредит беруге уәкілетті "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымы;

10) сенім білдірілген өкіл (агент) – тапсырма шартының негізінде жергілікті атқарушы органның атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындайтын тұлға;

11) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарын айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

12) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту тәртібі

3. Мыналар:

1) жұмыссыздар;

2) Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген қысқартылатын жұмыскерлер;

3) дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмей кіріс алу мақсатында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын адамдар және (немесе) әрекетсіз дара кәсіпкерлер;

4) отбасылық кәсіпкерлікте еңбекақы төленбейтін қызметті дербес жүзеге асыратын адамдар;

5) жеке қосалқы шаруашылықта сату (айырбастау) үшін өнім өндіру жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз адамдар;

6) табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз өндірістік кооператив мүшелері;

7) ісін жаңадан бастаған және/немесе жұмыс істеп жүрген дара кәсіпкерлер болып табылатын адамдар кәсіпкерлік негіздеріне оқудан өтеді.

4. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту үшін осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес келетін адамдар business.enbek.kz порталында (бұдан әрі – Портал) тіркеледі.

Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес келетін адамдардың санаттарға сәйкестігін тексеру Порталда автоматты режимде жүзеге асырылады, одан кейін skills.enbek.kz платформасында (бұдан әрі – платформа) "Бастау Бизнес" жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту" онлайн курсына қолжетімділік беріледі.

5. Онлайн оқыту курсының ұзақтығы оқу курсы басталған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн.

6. Онлайн оқыту курсы өтеусіз негізде ұсынылады және оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен жеке тәртіппен өткізіледі.

7. Онлайн оқытудың әрбір модулін аяқтау қорытындысы бойынша қатысушының алған білімі мен дағдыларын меңгеруін анықтау үшін аралық тестілеу өткізіледі.

Келесі модульді оқуға көшу үшін аралық тестілеудегі сұрақтардың жалпы санының кемінде 70 (жетпіс) пайызына дұрыс жауап беру қажет.

Онлайн оқыту курсы өту кезеңінде аралық тестілеуді тапсыру әрекеттерінің саны шектелмеген.

Курс қорытындысы бойынша қорытынды тестілеу өткізіледі.

Сұрақтардың жалпы санының 70 (жетпіс) пайызынан көп дұрыс жауап алған адамға платформада бірегей нөмір беріле отырып, оқуды аяқтағаны туралы электрондық сертификат беріледі. Сертификат жеке кабинетте көрсетіледі.

8. Оқуды аяқтағаны туралы электрондық сертификат алған адам оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл өткен соң онлайн оқытудың курсына қайта жіберіледі.

Оқуды аяқтау туралы сертификат оны алған күннен бастап үш жыл бойы жарамды.

9. Сұрақтардың жалпы санының 70 (жетпіс) пайызынан кем дұрыс жауап алған адамға онлайн оқыту курсы ішінде қорытынды тестілеуден екі реттен артық емес қайта өту мүмкіндігі беріледі.

10. Оқуды тоқтатқан немесе қорытынды тестілеуден өтпеген адамға күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) реттен артық емес онлайн оқытуға қайта қатысу мүмкіндігі беріледі.

2-параграф. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар беру және олардың нысаналы пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібі

11. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар (бұдан әрі-гранттар) халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде 400 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне дейін беріледі, оларға мыналар жатады:

- 1) атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- 2) төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, оның ішінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысанында оқитын балаларға, олар он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітірген уақытқа дейін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алушылар (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) және (немесе) оның жұбайы (зайыбы);
- 3) асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар;
- 4) қоныс аударушылар;
- 5) қандастар;
- 6) еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;
- 7) мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы).

Гранттар жұмыссыз немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз дара кәсіпкер ретінде грант алуға өтініш бергенге дейін тіркелген жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

Бұл ретте тиісті қаржы жылының республикалық бюджеті туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері қолданылады.

12. Гранттар бір рет беріледі және нысаналы мақсаты бойынша қажетті еңбек құралдарын, мүкәммалды, технологиялық жабдықты, жануарларды, малды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алу, коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы сауда объектілерінің аумағында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған үй-жайларды жалдау ақысын төлеу үшін беріледі.

Бұл ретте жұбайынан (зайыбынан), жақын туыстарынан еңбек құралдары, мүкәммал, технологиялық жабдық, жануарлар, мал, құстар, көшеттер, бұталар, тұқымдар, көшеттер сатып алынбайды, сондай-ақ жаңа бизнес идеяларды іске асыруға үй-жайлар жалға алынбайды.

Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

13. Гранттар алуға өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру өтініштер қабылданғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын халықты жұмыспен қамту мәселелері уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Гранттар алу үшін өтініштерді қабылдау лектер бойынша жүзеге асырылады. Порталда өтініштерді қабылдау мерзімі әр лекте 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

14. Грант алуға үміткер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық өтініш береді.

Грант алуға өтініш берген кезде үміткер Порталда осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарының оған сәйкес санаттарының бірін таңдайды.

15. Портал автоматты түрде үміткердің осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарының біріне сәйкестігін және мерзімі жүгінген сәтте үш жылдан аспайтын "Бастау Бизнес" жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін аяқтау туралы электрондық сертификаттың немесе бұрын қатысқаны туралы сертификаттың болуына тексеруді жүзеге асырады.

Тексеруден кейін үміткер Порталда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бизнес-жоба үлгісін жүктейді, оны толтырады және Порталда жеке кабинетіне тіркейді.

16. Портал грант алуға мынадай үміткерлердің:

1) қатысу мерзімі 12 айдан аспайтын ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыларды қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының қатысушылары болып табылатын;

2) соңғы 12 ай ішінде дәлелді себептерсіз жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуды тоқтатқан адамдардың өтініштерін қабылдамайды.

17. Грант алуға үміткерлердің өтініші мен бизнес-жобасын мансап орталығы жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттарды алуға үміткерлердің өтініштерін қарастыру бойынша комиссияның отырысына қарауға шығарады.

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалдары, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-білім беру мекемелері өкілдерінің, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, салалық сарапшылардың қатысуымен аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейінде комиссияны құрады.

Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

Комиссия хатшысы оның құрамына кірмейді және шешім қабылдау кезінде дауыс бермейді.

Комиссия хатшысы мансап орталығының өкілі болып табылады. Комиссия хатшысы комиссия отырысын ұйымдастыруды жүзеге асырады, төрағамен келісім бойынша отырыстың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, комиссия мүшелеріне алдағы отырыс туралы хабарлайды, комиссия мүшелеріне отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды ұсынады.

18. Комиссия отырысы Порталда өтініштерді қабылдау аяқталған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Комиссия отырысының өтетін орны, күні және уақыты туралы хабарлама грант алуға үміткердің жеке кабинетінде көрсетіледі.

Комиссия отырысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, құқылы болып саналады.

Комиссияның шешімі, егер оған отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы орнында болмағанда, шешуші дауыс құқығына төрағаның орынбасары ие.

Комиссия отырысын бейнетүсірілім тіркеуіне жол беріледі.

Комиссия отырысында грант алуға үміткер жаңа бизнес-идеялардың жобасын таныстырады.

Комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бағалау парағында грант беру (бермеу) себептері бар шешімді көрсетеді.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес комиссия шешімінде бизнес-идеялардың ендірілуге дайын екені туралы ақпарат көрсетіледі.

Комиссияның шешімі бағалау парағына сәйкес грант алушылардың тізімі көрсетіле отырып, комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және оған қатысып отырған комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия отырысы аяқталғаннан кейін мансап орталығының қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде комиссия шешімін отырыс хаттамасына және грант алушылардың қалыптастырылған тізіміне сәйкес "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізеді.

19. Комиссия отырысының шешімі "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізілгеннен кейін грант алуға үміткер Порталдағы "Жеке кабинет" арқылы грант беру/бермеу туралы тиісті хабарлама алады.

20. Комиссия грант беру туралы шешім қабылдаған кезде грант алуға үміткер тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында өз қызметін тіркейді және Порталдағы дара кәсіпкердің банк деректемелері бар банк шотын ұсынады, ол "Еңбек нарығы" ААЖ-ға жіберіледі.

Көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында өз қызметін тіркемеген және дара кәсіпкердің банк шотын ұсынбаған грант алуға үміткерге Комиссияның грант беру туралы бұрын алған шешіміне карамастан грант берілмейді. Бұл ретте үміткер келесі лектерде грантқа қайта өтінім бере алады.

21. Еңбек мобильділігі орталығы осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес грант алушыға тіркелген дара кәсіпкердің банк деректемелері бар банк шотын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жаңа бизнес идеяларды іске асыруға грант беру туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) қол қояды және грант алушының Порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

22. Грант алушы осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес шартты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Порталда, жеке кабинетте Шартқа электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды, ол "Еңбек нарығы" ААЖ-ға жіберіледі.

Егер грант алушы белгіленген мерзімде Порталдағы жеке кабинетте Шартқа қол қоймаса, онда автоматты түрде грант алмайды, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылында грант алуға одан әрі өтініш бере алмайды.

23. Еңбек мобильділігі орталығы шарт жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде грант алушыға тіркелген дара кәсіпкердің ағымдағы банк шотына ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады және грант алушының деректерін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың салық органына береді.

24. Бизнес жобаны іске асырудың нысаналы пайдаланылуын грант алушы Порталда растайтын құжаттарды ұсыну арқылы он екі ай ішінде тоқсан сайын растайды.

Гранттардың нысаналы пайдаланылу мониторингін бақылауды еңбек мобильділігі орталығы мансап орталығы арқылы жүзеге асырады.

25. Грант алушы грант алған күннен бастап 12 ай ішінде, бизнесті кеңейтуге бағытталған шараларды қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға жіберілмейді.

26. Грант алушы гранттық қаражаттың нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылғанын немесе грант қаражатының пайдаланылмағанын растау болмаған кезде шарт жасалған күннен бастап 3 ай ішінде Портал арқылы қаражатты толық ерікті түрде қайтаруға өтінім береді.

27. Грант алушы:

1) грант қаражаты толық көлемде пайдаланылмаған жағдайда қаражатты толық қайтаруды жүзеге асырады;

2) ішінара пайдаланған жағдайда Порталдағы "Жеке кабинетте" тиісті өтініш беру арқылы қалған қаражатты қайтаруды жүзеге асырады.

28. Бизнес-жобаны іске асыруды нысаналы пайдалануды растау мынадай жағдайларда талап етілмейді:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызметке шақыру;

2) жаза шартты түрде тағайындалған жағдайларды қоспағанда, жұмыссызды бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға соттау;

3) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберу;

4) грант алушының қайтыс болуы.

29. Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру жергілікті бюджеттің қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

3-тарау. Қайтарымды негізде микрокредит беру тәртібі

30. Микрокредит беру ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және нысаналы мақсат шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында микрокредит беру туралы шарт бойынша кредит беруге уәкілетті "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – микрокредит беру ұйымы)/ микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ)/КС/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қарыз қаражатын беруі арқылы жүзеге асырылады.

31. Микрокредиттер келесі адамдарға беріледі:

1) жұмыссыздар;

2) Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген қысқартылатын жұмыскерлер;

3) дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмей кіріс алу мақсатында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын адамдар және (немесе) әрекетсіз дара кәсіпкерлер;

4) отбасылық кәсіпкерлікте еңбекақы төленбейтін қызметті дербес жүзеге асыратын адамдар;

5) жеке қосалқы шаруашылықта сату (айырбастау) үшін өнім өндіру жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз адамдар;

6) табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз өндірістік кооператив мүшелері;

7) ісін жаңадан бастаған және/немесе жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер.

32. Қайтарымды негізде микрокредит беру:

1) микрокредит беру ұйымдары/МҚҰ/КС;

2) сенім білдірілген өкіл (агенттігі) арқылы беріледі.

33. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есептің 1, 2, 3, 4, 5-бағандарында көзделген ақпаратты ұсынады.

34. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп береді.

1-параграф. Қайтарымды негізде жастарға микрокредит беру тәртібі

35. Жастарға микрокредит беру мақсатында халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жергілікті атқарушы органға мынадай шарттармен бюджеттік кредит береді:

1) 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз жылдық сыйақы мөлшерлемесімен қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында 10 (он) жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – бизнес жобаларды іске асыру үшін үміткерлерге микрокредит беру;

3) 28 (жиырма сегіз) айдан аспайтын мерзімге негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең;

4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 12 (он екі ай) айды құрайды және ол бюджеттік кредитті халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға аударған сәттен бастап есептеледі.

36. Микрокредиттер сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы беріледі.

37. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган бюджеттік кредит қаражатын сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шарты бойынша азаматтық заңнамаға сәйкес береді.

38. Жастар қатарындағы үміткерлерге мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану қағидаттарын сақтай отырып, мынадай шарттарда микрокредиттер беріледі:

1) микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;

2) микрокредиттің ең жоғары сомасы – 5 (бес) миллион теңгеге дейін;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 (екі жарым) пайыздан аспайды;

4) кепілмен қамтамасыз етудің болуы;

5) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайды;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілге (агентке) микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі бес жылдан аз кәсіпкерлер.

Микрокредит беру үшін үміткердің жасы құжаттарды тапсыру сәтінде ескеріледі.

39. Микрокредитті қамтамасыз етудің негізгі шарттары, тәсілдері Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 179-бабына сәйкес тапсырма шартында белгіленеді.

40. Сенім білдірілген өкіл (агент) үміткерлердің микрокредит бойынша шарт міндеттемелерін бұзу себебі бойынша алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, үміткерлердің микрокредитімен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шартын орындағаны үшін сыйақы төлеуді халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері тапсырма шартында белгіленеді.

41. Сенім білдірілген өкіл (агент) бұрын берілген микрокредиттер бойынша үміткерлер қайтарған қаражат есебінен осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес талаптарда сенім білдірілген өкіл (агент) мен халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган арасында жасалған тапсырма шартының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге үміткерлерге қайта микрокредит беруді жүзеге асырады.

42. Микрокредит алу үшін үміткерлер сенім білдірілген өкілге (агентке) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады.

43. Микрокредит алуға үміткер ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерді сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тексеру мерзімі барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар мен олардағы мәліметтер микрокредиттеу шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, сенім білдірілген өкіл (агент) қайтару себептерін көрсете отырып, микрокредит алуға арналған құжаттар топтамасын қайтарады.

44. Сенім білдірілген өкіл (агент) өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде барлық қажетті құжаттармен және олардың микрокредит беру талаптарына сәйкестігімен ұсынылған бизнес жобаға бағалау жүргізеді.

Бизнес-жобаны бағалаудан кейін сенім білдірілген өкіл (агент) 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттарды және бағалау нәтижелерін конкурс комиссиясына (бұдан әрі – Комиссия) ұсыну үшін халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға жібереді.

Бизнес-жобаларды іріктеу өлшемшарттары өзектілік, аргументтілік, экономикалық негізділік, қоғамдық маңыздылық, бұрын атқарылған жұмыстардың, іс-қимыл жоспарының болуы және бизнес-жобаның өміршендігі болып табылады.

Комиссия құрамында кемінде 7 (жеті) адамнан кем емес, кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, мәслихат депутаттарының, өңірлік кәсіпкерлер палатасы филиалдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми-білім беру мекемелерінің

өкілдерінен, бизнес, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен, салалық сарапшылардан тұратын облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімінің шешімімен құрылады.

Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

Комиссия төрағасы Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

Комиссия хатшысы оның құрамына кірмейді және шешім қабылдау кезінде дауыс бермейді.

Комиссия хатшысы комиссия отырысын ұйымдастыруды жүзеге асырады, төрағамен келісу бойынша отырыстың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, комиссия мүшелеріне алдағы отырыс туралы хабарлайды, комиссия мүшелеріне отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды ұсынады.

45. Қаражат болған жағдайда бизнес-жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы айына бір реттен кем емес өткізіледі.

Микрокредиттер беру мақсатында бизнес-жобаларды іріктеу үшін конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Комиссия отырысына оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, құқылы болып саналады.

Комиссия отырысы бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі.

Үміткер өзінің бизнес-жобасын комиссия отырысында, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы таныстырады.

Комиссияның шешімі, егер оған отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы орнында болмағанда, шешуші дауыс құқығына төрағаның орынбасары ие.

Жұмыстың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін комиссия отырысына байқаушылар шақырылады.

Байқаушылар ретінде Комиссия отырысына бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялар өкілдерінің, барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының және басқа да мемлекеттік органдардың қатысуына жол беріледі.

Аудандағы бизнес-жобаның өзектілігін айқындау мақсатында комиссия отырысына аудандардың кәсіпкерлік және (немесе) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың өкілдері шақырылады.

Комиссия отырысы барысында байқаушылар үміткерлерге сұрақтар қоймайды, бұл ретте олар Комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, үміткерлердің дербес деректеріне қатысты мәліметтерді жария етуге жол бермейді.

Комиссия осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес бағалау парағында микрокредит беру (бермеу) себептерін көрсете отырып, шешімді көрсетеді.

Комиссияның шешімі негіздемелерге сәйкес микрокредит алушылардың тізімі көрсетіле отырып, комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және оған қатысып отырған комиссия мүшелері қол қояды.

Үміткерлер шешімге сот тәртібімен шағымдана алады.

46. Микрокредит беру жөніндегі үздік бизнес-жобасы бар іріктелген үміткер халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен және сенім білдірілген өкілмен (агентпен) микрокредит беру туралы шартқа, кепіл шартына қол қояды, кепіл шартын уәкілетті органда тіркегеннен кейін сенім білдірілген өкіл (агент) бес жұмыс күні ішінде оның ағымдағы шотына микрокредит сомасын аударады.

47. Сенім білдірілген өкіл (агент) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес микрокредиттердің нысаналы пайдаланылуы туралы есеп береді.

48. Микрокредиттің нысаналы пайдаланылу мониторингісін бақылауды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган қол қойылған қарыз шартының талаптары бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы жүзеге асырады.

2-параграф. Микрокредит беру ұйымдары арқылы қайтарымды негізде микрокредит беру тәртібі

49. Осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген адамдарға (бұдан әрі – қатысушылар) микрокредит беру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға мынадай шарттарда бюджеттік кредит береді:

1) 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз жылдық сыйақы мөлшерлемесімен қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарымен 7 (жеті) жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда бизнес жобаларға микрокредит беру;

3) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең 28 (жиырма сегіз) айдан аспайды ;

4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 6 (алты) айды құрайды және бюджеттік кредит ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға аударылған күннен кейін есептеледі.

Ақшалай қаражат олар микрокредит беру ұйымына аударылған күннен бастап игерілген болып есептеледі.

50. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган бюджеттік кредит қаражатын микрокредит беру ұйымының кредиттік шарты бойынша береді және азаматтық заңнамаға сәйкес мынадай талаптармен бюджеттік кредит шартын жасасады:

- 1) кредит беру мерзімі – 7 (жеті) жылдан аспайды;
- 2) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз;
- 3) игеру кезеңі – 12 (он екі) ай және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган бюджеттік кредитті аударған күннен бастап есептеледі;
- 4) нысаналы мақсаты – ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда бизнес жобаларды іске асыру үшін қатысушыларға микрокредит беру және қатысушыларға микрокредит беру үшін МҚҰ/КС қорландыру.

Микрокредит беру ұйымдарына кредит беру мерзімінің ұзақтығы 28 (жиырма сегіз) айдан аспайтын мерзімге негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең беріледі.

51. Микрокредит беру ұйымы МҚҰ/КС қарыз береді, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес МҚҰ/КС-пен мынадай шарттарда кредиттік келісімдер жасасады:

- 1) жеделділік, қайтарымдылық, ақылылық және нысаналы пайдалану қағидаттарына негізделеді. МҚҰ/КС үшін қарыз қаражаты қаржылық-тұрақты МҚҰ/КС-ты қоспағанда, қамтамасыз етуге беріледі;
- 2) кредит беру мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;
- 3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2 (екі) пайыз;
- 4) игеру кезеңі – микрокредит беру ұйымы мен МҚҰ/КС арасында кредиттік келісім жасалған күннен бастап 12 (он екі) айға дейін;
- 5) нысаналы мақсаты – ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда бизнес жобаларды іске асыру үшін қатысушыларға микрокредит беру.

Микрокредит беру ұйымы негізгі борышты өтеу бойынша кредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең береді.

Ақша қаражаты МҚҰ/КС аударылған күннен бастап игерілген болып есептеледі.

52. Микрокредиттерді микрокредит беру ұйымы/МҚҰ/КС қатысушыға қайтарымдылық, мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және нысаналы пайдалану қағидаттарында мынадай шарттарда береді:

- 1) микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;
- 2) микрокредиттің ең жоғары сомасы – ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда 2,5 (екі жарым) мың айлық есептік көрсеткішке дейін, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8,0 (сегіз) мың айлық есептік көрсеткішке дейін;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6 (алты) пайыздан аспайды;

4) микрокредит беру ұйымының/МҚҰ/КС шешімі бойынша қатысушыға негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайтын жеңілдікті кезең беріледі;

5) қатысушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелуінің болуы;

6) микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС және қатысушы арасындағы микрокредит беру туралы шарттарда микрокредит алуға өтініш берген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз болатын қатысушыларды қоспағанда, жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысушылар үшін жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шарт міндетті түрде көрсетіледі.

Өтінімдерді қабылдау және кредиттерді қамтамасыз ету тәсілдері, қоса қаржыландыру мөлшері, үміткерлердің санаттары жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі – ЖАО) шешімімен белгіленеді және кредиттік шартта көрсетіледі.

53. Микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС қатысушының микрокредит бойынша міндеттемелерін бұзуы себебінен алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, қатысушылардың микрокредитімен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды, бұл ретте мұндай комиссиялардың, алымдардың және/немесе өзге де төлемдердің мөлшері алдын ала ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен жазбаша келісіледі.

54. Бұрын берілген микрокредиттер бойынша қатысушылар қайтарған қаражат есебінен микрокредит беруді ұйымдастыру микрокредит беру ұйымы мен ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган арасында жасалған кредиттік шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге осы Қағидалардың 52-тармағына сәйкес шарттарда қатысушыларға кейіннен микрокредит беру үшін қатысушыларға қайта микрокредит беруді/МҚҰ/КС қорландыруды жүзеге асырады.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына қатысушылар бұрын берген микрокредиттер бойынша қайтарылған қаражат есебінен микрокредит беруді ұйымдастыру микрокредит беру ұйымы мен ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган арасында жасалған кредиттік шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге осы Қағидаларда көзделген талаптармен қатысушыларға қайта микрокредит беруді жүзеге асырады.

55. Қатысушыларға микрокредит беру туралы шешімді микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС дербес қабылдайды.

56. Микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен жасалатын бюджеттік кредит шарты сомасының кемінде 40 (қырық) пайызын бастапқы бизнесті (стартап – жобаны) қаржыландыруға жібереді.

57. Микрокредит алу үшін қатысушылар микрокредит беру ұйымына, МҚҰ/КС осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады.

58. Қатысушы микрокредит алуға ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС тарапынан тексеру мерзімі барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар мен ондағы мәліметтер микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС қайтару себептерін көрсете отырып, микрокредит алуға арналған құжаттар топтамасын қайтарады.

59. Микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС барлық қажетті құжаттарды қоса және олар микрокредит беру талаптарына сәйкес келген жағдайда өтініш тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған бизнес-жобаға бағалау жүргізеді және микрокредит беруді мақұлдау не бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Микрокредит беру мақұлданған жағдайда микрокредит беру ұйымы, МҚҰ/КС қатысушымен микрокредит беру туралы шартқа қол қояды, кейін микрокредитті оның ағымдағы шотына аударады.

60. МҚҰ/КС берілген микрокредиттер бойынша ақпаратты ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде микрокредит беру ұйымына ұсынады.

Микрокредит беру ұйымы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға берілген микрокредиттер бойынша ақпарат ұсынады.

61. МҚҰ/КС микрокредиттің нысаналы пайдаланылуын мониторингілеу нәтижелері бойынша ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде микрокредит беру ұйымына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микрокредиттердің нысаналы пайдаланылуы туралы есеп береді.

Микрокредит беру ұйымы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микрокредиттердің нысаналы пайдаланылуы туралы есеп береді.

3-параграф. Сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы қайтарымды негізде микрокредит беру тәртібі

62. Ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі жобаны ауқымдау шеңберінде берілетін микрокредиттер сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы ұсынылады.

63. Сенім білдірілген өкілді (агентті) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган айқындайды.

64. Осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген адамдарға (бұдан әрі – үміткерлер) ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі жобаны ауқымдау шеңберінде микрокредит беру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға мынадай шарттарда бюджеттік кредит береді:

- 1) 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз жылдық сыйақы мөлшерлемесімен қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында 10 (он) жылға;
- 2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты - бизнес жобаларды іске асыру үшін үміткерлерге микрокредит беру, оның ішінде ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу және жабдық алу;
- 3) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең 28 (жиырма сегіз) ай;
- 4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 12 (он екі) айды құрайды және бюджеттік кредит ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға аударылған кезден бастап есептеледі.

65. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шарты бойынша азаматтық заңнамаға сәйкес бюджеттік кредит беріледі.

66. Сенім білдірілген өкіл (агент) мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану қағидаттарын сақтай отырып, ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны ауқымдау шеңберінде үміткерлерге микрокредиттер береді:

- 1) микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;
- 2) микрокредиттің ең жоғары сомасы – ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда – 2,5 (екі жарым) мың айлық есептік көрсеткішке дейін, ауыл шаруашылығы кооперативін дамыту үшін – 8,0 (сегіз) мың айлық есептік көрсеткішке дейін;

Бұрын алынған микрокредит бойынша міндеттемелерді толық орындаған үміткерлерді қайта кредиттеу кезінде микрокредиттің ең жоғары сомасының мөлшері 8,0 (сегіз) мың айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды. Бұл ретте, микрокредиттер бағдарлама үміткерлерінің қайтарылған қаражаты есебінен, бірақ бұрын алынған микрокредит бойынша мерзімнің 1/2 (екінші бірінен) ерте емес беріледі;

- 3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5 (екі жарым) пайыздан аспайды;
- 4) кепілмен қамтамасыз етудің болуы;
- 5) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайды;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркеудің болуы.

Өтінімдерді қабылдау және кредиттерді қамтамасыз ету тәсілдері, қоса қаржыландыру мөлшері, үміткерлердің санаттары жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі – ЖАО) шешімімен белгіленеді және кредиттік шартта көрсетіледі.

Үміткерлерді сенім білдірілген өкіл (агент) тапсырма шартына сәйкес айқындайды.

67. Сенім білдірілген өкіл (агент) үміткерлердің микрокредит бойынша шарт міндеттемелерін бұзу себебі бойынша алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, үміткерлердің микрокредитімен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды, бұл ретте мұндай комиссиялардың, алымдардың және/немесе өзге де төлемдердің мөлшері алдын ала ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен жазбаша келісіледі.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырма шартын орындағаны үшін сыйақы төлеуді ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері тапсырма шартында белгіленеді.

68. Сенім білдірілген өкіл (агент) бұрын берілген микрокредиттер бойынша үміткерлер қайтарған қаражат есебінен осы Қағидалардың 66-тармағына сәйкес талаптарда сенім білдірілген өкіл (агент) мен ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган арасында жасалған тапсырма шартының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге үміткерлерге қайта микрокредит беруді жүзеге асырады.

69. Микрокредит алу үшін үміткерлер сенім білдірілген өкілге (агентке) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады.

70. Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) микрокредит алуға үміткер ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін тексеру мерзімі өтініш барлық қажетті құжаттармен тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар мен олардағы мәліметтер микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеген жағдайда сенім білдірілген өкіл (агент) қайтару себептерін көрсете отырып, микрокредит алуға арналған құжаттар топтамасын қайтарады.

71. Сенім білдірілген өкіл (агент) барлық қажетті құжаттарды қоса және олар микрокредит беру талаптарына сәйкес келген жағдайда өтініш тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған бизнес-жобаға бағалау жүргізеді және микрокредит беруді мақұлдау не бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Микрокредит беру мақұлданған жағдайда сенім білдірілген өкіл (агент) үміткермен микрокредит беру туралы шартқа қол қояды, содан кейін микрокредитті оның ағымдағы шотына аударады.

72. Сенім білдірілген өкіл (агент) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес микрокредиттердің нысаналы пайдаланылуы туралы есеп береді.

Жергілікті атқарушы орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есепті ұсынады.

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

_____ ауданының (қаласының) мансап орталығының директорына _____
кімнен _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
_____ тұрғылықты жері _____ (байланыс телефонының нөмірі қаланың (ауданның) кодын көрсете отырып, электрондық пошта мекенжайы)

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алуға өтініш

Грантты мыналар үшін беруді сұраймын:

1. Жобаның атауы _____
2. Жобаның болжамды құны _____ теңге.
3. Грант алу мақсаты _____ (анықтамалықтан таңдалады).
4. Үміткердің жұмыспен қамтылу санаты (автоматты түрде қойылады).
5. Білім деңгейі (анықтамалықтан таңдалады).
6. Жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлы көрсеткіш
7. Үміткердің әлеуметтік санаты (автоматты түрде қойылады).

Бұрын берілген кредиттер (қарыздар) бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екенін растаймын.

Өзірленген бизнес-жобаны қоса беремін.

Ескерту:

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының банктік құпияны қамтитын мәліметтерге қол жеткізуіне келісім беремін.

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
2-қосымша
Облыстың/қаланың атауы
Елді мекеннің атауы

"Бизнес-жобаның атауы" бизнес-жоба

Жобаның бастамашысы: _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

1. Жобаның бастамашысы

Бастамашының аты-жөні (бар болса)	
Бастамашының ЖСН	
Байланыс телефондары	
Тұратын мекенжайы	
Бастамашының ұйымдық-құқықтық мәртебесі немесе жұмыспен қамтылу санаты	Дара кәсіпкер не тіркелген жұмыссыз
Занды мекенжайы	Дара кәсіпкердің не жұмыссыздың тіркелген мекенжайы
Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі	Сіздің кәсіпкерлік тәжірибеңіз неше жыл (ресми немесе бейресми)
Отбасы жағдайы және еңбекке жарамсыз балалар саны	Отбасылық жағдайыңызды және кәмелетке толмаған балалар санын көрсетіңіз

2. Бизнес-жобаның мақсаты

Ескерту: Бизнес жобаңыздың мақсатын бір сөйлеммен сипаттаңыз

3. Жоба туралы қысқаша ақпарат

Ескерту: Бизнес идеяңызды қысқаша сипаттаңыз

4. Бизнес-жобаны іске асыру үшін қажетті тауарлардың/қызметтердің тізбесі

р/с №	Атауы	Саны	Бағасы	Барлық сома	грант қаражаты (теңге)	жеке меншік қаражат (теңге)
1.						
Жиыны						

Ескерту:

Бизнес-жобаны іске асыру кезінде сатып алуды жоспарлаған тауарлар/қызметтер тізімін көрсетіңіз

5. Көрсетілетін қызметтердің / өткізілетін өнімнің бағасы

№	Қызмет / өнім	Бағасы (теңге)
1.		

Ескерту:

Сіз өндіруді/көрсетуді жоспарлап отырған тауарлардың/қызметтердің тізімін көрсетіңіз

6. Жоғарыда көрсетілген бағаларды ескере отырып, айына кіріс

Қызмет/тауар түрлері	Бағасы	Айына көлемі	Айына табыс
Жиыны			

Ескерту:

Ұсынылатын қызметтер/сатылатын өнімдердің бағасын ескере отырып, болжалды кірісті есептеңіз

7. Пайда болжамы

Көрсеткіш	Күнгізбелік жыл		
	Грант алған жылы	Келесі жылға	Келесі жылы
Кіріс			
Барлық кіріс			
Шығыс			
Барлық шығыс			
ТАБЫС			

Ескерту:

Пайда "Жалпы кіріс – жалпы шығыс = пайда" формуласы бойынша есептеледі

Ескерту: Болған жағдайда, шығыстар мен кірістер баптарына түсініктемелерді сипаттаңыз
--

8. Нарықтағы жағдай және бәсекелестер

№	Өнімнің/ қызметтің атауы	Өнім/ қызмет бағасы теңгемен (бірл. үшін)	Өнімдерді/ қызметтерді кімге сатуды жоспарлап отырсыз?	Өнімді/ қызметті сатуды жоспарлаған тұлғаның байланыс телефоны	Сіз өз өнімдеріңізді / қызметтеріңізді қай аймаққа, қалаға немесе ауданға сатқыңыз келеді	Сату үшін қандай техникалық талаптар қажет өнімдер / қызметтер	Қандай бәсекелестер ұқсас бар өнімдерімен/ қызмет сіздің аймағыңызда
						Ескерту: мысалы, қорап, пакет, пленка	Ескерту: бәсекелестер нарығын зерттеп, оларды сипаттаңыз

Сіздің аймағыңыздағы 1 әлеуетті клиенттің орташа айлық табысы	
Сіздің есептеулеріңіз бойынша бір сатып алушы 1 жыл ішінде қанша тауар/қызмет сатып ала алады?	
Сіздің әлеуетті клиентіңіздің орташа айлық табысы тауарды/қызметті сатып алу көлемінің есебі қандай деректер негізінде жүргізілді?	
Қандай тауарлар / қызметтер сіздің өнімдеріңізге / қызметтеріңізге бәсекелес?	

9. Әлеуетті тұтынушыларды талдау

Тауарды / қызметті сату нүктенің орналасқан жері (облыс, аудан, ауыл)	
Неліктен сіз өз бизнесіңіз үшін дәл осы орынды таңдадыңыз? (бірнеше себептерді көрсетіңіз)	
Клиенттер сіздің өнімдеріңіз немесе қызметтеріңіз туралы қалай біледі? Олар сізбен қалай байланыса алады?	

10. Әлеуетті клиенттермен өзара әрекеттесу арналары

Сіз шикізат пен материалдарды сатып алатын жабдықтаушыларыңыз бар ма? Сіз олармен бұрыннан жұмыс жасағансыз ба?	
Сіздің бәсекелестік артықшылығыңыз қандай және сіздің клиенттеріңіз бұл туралы қалай біледі? Сіздің бизнесіңіздің бәсекелестік артықшылығын сипаттаңыз және ол туралы ақпаратты клиенттерге қалай жеткізесіз?	

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
3-қосымша

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алуға үміткердің бағалау парағы

Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда): _____

Бизнес-жобаның атауы: _____

Облыстың, ауданның атауы: _____

Өтінімді қарау күні: _____

№	Бағалау критерийінің атауы	Бағалау
1.	Бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі 1. Бизнес-жоба осы елді мекенде/ ауданда/қалада сұранысқа ие ма? 2. Ол елді мекеннің / ауданның/ қаланың экономикалық мамандануына сәйкес келе ме? 3. Кәсіпкерлік қызметтің осы түрімен айналысу үшін елді мекен /аудан/қала экономикасында бос орын бар ма?	Иә / Жоқ
2.	Өткізу нарықтарының пысықталуы: 1. Үміткер өз тауарларының, жұмыстарының немесе қызметтерінің әлеуетті тұтынушыларын біле ме? 2. Үміткер әлеуетті бәсекелестерді біле ме?	Иә / Жоқ
3.	Бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі: 1. Бизнес-жобада көрсетілген бастапқы материалдардың/өндіріс құралдарының бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме? 2. Бизнес-жобада көрсетілген тауарлар, жұмыстар немесе	Иә / Жоқ

	<p>қызметтер бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме?</p> <p>3. Бизнес-жоба (қысқа немесе орта мерзімді кезеңде) тиімді ме?</p>	
4.	<p>Кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі:</p> <p>1. Үміткердің бизнес-жобаның мазмұны бар ма?</p> <p>2. Үміткер бизнес-жобаны таныстыра ала ма?</p>	Иә / Жоқ
5.	<p>Жаңа жұмыс орындарын құру: осы жоба аясында қосымша жұмыс орындарын құру қарастырылған ба (үміткердің өзін қоспағанда)?</p>	Иә / Жоқ

Комиссия мүшесінің шешімі (грант беру / грант беруден бас тарту)

Комиссия мүшесінің қолы: _____

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
4-қосымша

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның шешімі

Грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия):

1. Комиссия төрағасы _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
2. Комиссия мүшесі _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
3. Комиссия мүшесі _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
4. Комиссия мүшесі _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
5. Комиссия мүшесі _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған грантты алуға үміткер _____ өтінішін және ұсынған,

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

күжаттарын қарап:

Комиссия мынадай шешім қабылдады: _____

Комиссия негіздемесі (бастапқы бизнестің енгізуге әзірлігі туралы, жаңа жұмыс орындарын құру туралы) _____ парақта.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
(бар болса)

тегі, аты, әкесінің аты

ҚОЛЫ

ҚОЛЫ

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

"Берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Индекс: 1-МК

Жиілігі: ай сайын.

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____ ай.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы, облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы.

Қайда ұсынылады: облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне.

Ұсыну мерзімі: облыстардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 - күніне дейінгі мерзімде;

облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде.

Кесте. Берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп.

№ р/п	Облыстардың атауы	Аудандардың атауы	Микрокредит алушылар қатарынан тіркелген	Микрокредит алушылар қатарынан атаулы әлеуметтік көмек	Өткен жылға қарай мал шаруашылығы бойынша өндіріс көлемінің	Өткен жылға қарай Өсімдік шаруашылығы бойынша өндіріс	Азық-түлік өнімдерін өндіру көлемінің
-------	-------------------	-------------------	--	--	---	---	---------------------------------------

1	2	3	жұмыссыз ар саны, адам	алушылар саны, адам	ұлғаюы, НКИ %	көлемінің ұлғаюы, НКИ %	ұлғаюы, НКИ в %
1	2	3	4	5	6	7	8

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы _____

Мекен-жайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы: _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға:

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Күні: " ____ " _____ 20__ жыл

Мөрдiң орны

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
"Берілген микрокредиттер
нәтижелерінің көрсеткіштері
бойынша есеп" нысанына
қосымша

"Берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсіндірме "берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

4. Нысан келесідей толтырылады:

нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында облыстардың атауы көрсетіледі;

нысанның 3-бағанында аудандардың атауы көрсетіледі;

нысанның 4-бағанында микрокредит алушылар қатарынан тіркелген жұмыссыздардың саны көрсетіледі;

нысанның 5-бағанында микрокредит алушылар қатарынан атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны көрсетіледі;

нысанның 6-бағанында өткен жылға мал шаруашылығы бойынша өндіріс көлемінің ұлғаюы көрсетіледі, НКИ %;

нысанның 7-бағанында өткен жылға өсімдік шаруашылығы бойынша өндіріс көлемінің ұлғаюы көрсетіледі, НКИ %;

нысанның 8-бағанында тамақ өнімдерін өндіру көлемінің ұлғаюы, НКИ % көрсетіледі.

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
6-қосымша

Микрокредит алу үшін құжаттар тізбесі

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттың/мәліметтердің түрі	Ескерту
1	Микрокредит беру ұйымының/МҚҰ/КС/ сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес микрокредит алуға сауалнама – өтініш	түпнұсқа электрондық құжат	кредитордың қатысуымен толтырылады микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
2	Жеке басты куәландыратын құжат	көшірмесі құжаттың электрондық көшірмесі мемлекеттік дерекқордан алынған электрондық форматтағы мәліметтер	құжаттардың көшірмелері түпнұсқамен салыстырылады микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
3	Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге, сондай-ақ кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі	түпнұсқа электрондық құжат	кредитордың қатысуымен толтырылады
4	Субъектінің мемлекеттік (оның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына берілген микрокредит туралы ақпаратты, мәліметтерді және кредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің	түпнұсқа электрондық құжат	кредитордың қатысуымен толтырылады микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың

	орындалуы / орындалмауы туралы барлық мәліметтерді беруге және алуға келісімі		автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
5	Бизнес-жоспар (Қағидилардың 66 және 69 тармақтарына сәйкес берілетін микрокредиттерді қоспағанда)	қарыз алушы қол қойған түпнұсқа электрондық құжат	микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
6	Қарыз алушының уәкілетті органының микрокредит алу, мүлікті кепілге беру жөніндегі мәмілені мақұлдау туралы шешімі	түпнұсқа (микрокредит мақұлданғаннан кейін ұсынылады)	
7	Қазақстан Республикасының заңнамасына және микрокредит беру ұйымының/МҚҰ/КС/ сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген мүлікті кепілге беру жөніндегі кепіл берушілердің келісімі	түпнұсқа (микрокредит мақұлданғаннан кейін ұсынылады)	
8	Қызмет көрсететін банктен шоттың бар екендігі туралы және несиелік берешектің, оның ішінде қаржы ұйымдарынан мерзімі өткен берешектің болуы туралы анықтамалар (кредиттер болған кезде)	түпнұсқа (микрокредит мақұлданғаннан кейін ұсынылады) электрондық құжат түпнұсқа (берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімге уәкілетті тұлғаның түпнұсқамен салыстырып тексерген көшірмесіне жол беріледі) / кредиттік бюролардан электрондық форматтағы мәліметтер	микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
9	Бағалау туралы есеп	түпнұсқа электрондық құжат	микрокредит беруге өтінімдерді қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде
		көшірмесі	

10	Кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар	мемлекеттік дерекқордан алынған электрондық мәліметтер	құжаттардың көшірмелері түпнұсқамен салыстырылады
----	--	--	---

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
7-қосымша

Жастарға арналған микрокредитті алуға үміткердің бағалау парағы

Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда): _____

Бизнес-жобаның атауы: _____

Облыстың, ауданның атауы: _____

Өтінімді қарау күні: _____

№	Бағалау критерийінің атауы	Бағалау
1.	Бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі 1. Бизнес-жоба осы елді мекенде/ ауданда/қалада сұранысқа ие ма? 2. Кәсіпкерлік қызметтің осы түрімен айналысу үшін елді мекен /аудан/қала экономикасында бос орын бар ма? 3. Осы бизнес-идея бойынша сұраныс бар ма?	Иә / Жоқ
2.	Бизнес-жобаның нақтылығы: 1.Осы бизнес-жобаның қандай артықшылықт ары бар? 2.Бұл бизнес жоба қарсыластарынан несімен жақсы?	Иә / Жоқ
3.	Экономикалық негізділігі: 1. Бизнес-жобада көрсетілген бастапқы материалдардың/өндіріс құралдарының бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме? 2. Бизнес-жобада көрсетілген тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме? 3. Бизнес-жоба (қысқа немесе орта мерзімді кезеңде) тиімді ме?	Иә / Жоқ
4.	Жалпы маңыздылығы	Иә / Жоқ
5.	Бұрын атқарылған жұмыстардың болуы	Иә / Жоқ
6.	Іс-қимыл жоспары: 1.Бизнес-идеяны дамыту бойынша іс-қимыл алгоритмінің болуы?	Иә / Жоқ

	2.Тұтынушыларды қалай тартуды жоспарлап отырсыз?	
7.	Бизнес-жобаның өміршеңдігі: 1. Үміткер өз тауарларының, жұмыстарының немесе қызметтерінің әлеуетті тұтынушыларын біле ме? 2. Үміткер әлеуетті бәсекелестерді біле ме?	Иә / Жоқ
8.	Жаңа жұмыс орындарын құру: осы жоба аясында қосымша жұмыс орындарын құру қарастырылған ба (үміткердің өзін қоспағанда)?	Иә / Жоқ

Комиссия мүшесінің шешімі (микрокредит беру / беруден бас тарту)

Комиссия мүшесінің қолы: _____

Кәсіпкерлік бастамаға
жәрдемдесу жөніндегі
шараларды ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
8-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

"Микрокредитті нысаналы пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан

Индекс: 2-МК

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ айы.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, микрокредит беру ұйымы, сенім білдірілген өкіл (агент).

Қайда ұсынылады: микрокредит беру ұйымдарына, облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде микрокредит беру ұйымына;

микрокредит беру ұйымдары ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына;

сенім білдірілген өкіл (агент) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде облыстардың ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына;

сенім білдірілген өкіл (агент) есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына ұсынады.

Кесте. Микрокредиттерді нысаналы пайдалану туралы есеп.

Р/с№	Кредит орындарының атауы	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының атауы жеке сәйкестендіру нөмірі/ қарыз алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Жобаның атауы	Микрокредит беру күні	Микрокредит беру мерзімі, айлар	Микрокредит сомасы (теңге)	Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Қарыз қаражатының нысаналы мақсаты (қарыз алушының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)	Қаражаттың нақты нысаналы пайдалану (қарыз алушының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Іске асыру орны (аудан)	ЭҚЖЖ коды көрсетілген экономика саласы	Бастапқы бизнес (стартап жобалар), теңге	Ісін жаңа бастаған, жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер (теңге)	Құрылған жұмыс орындарының саны
12	13	14	15	16

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қоса беріледі.

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы: _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы) (қолы)

Күні: 20__ жылғы " __ " _____.

**"Микрокредиттi нысаналы пайдалану туралы есеп" әкiмшiлiк деректерiнiң нысанын
толтыру бойынша түсiндiрме**

1. Осы түсiндiрме "Микрокредиттi нысаналы пайдалану туралы есеп" әкiмшiлiк деректерiн жинауға арналған нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға тегi мен аты-жөнiн көрсете отырып, басшы не оның мiндетiн атқаратын адам қол қояды.

3. Нысан мемлекеттiк және орыс тiлдерiнде толтырылады.

4. Нысан төмендегiдей толтырылады:

Нысанның 1-бағанында реттiк нөмiр көрсетiледi;

Нысанның 2-бағанында кредитордың атауы көрсетiледi;

Нысанның 3-бағанында қарыз алушының атауы көрсетiледi;

Нысанның 4-бағанында қарыз алушының жеке сәйкестендiру нөмiрi немесе бизнес сәйкестендiру нөмiрi көрсетiледi;

Нысанның 5-бағанында қарыз алушының бизнес-жобасының атауы көрсетiледi;

Нысанның 6-бағанында қарыз алушыға микрокредит берiлген күн көрсетiледi;

Нысанның 7-бағанында микрокредиттiң мерзiмi көрсетiледi;

Нысанның 8-бағанында микрокредиттiң сомасы көрсетiледi;

Нысанның 9-бағанында микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесi көрсетiледi;

Нысанның 10-бағанында қарыз қаражатының әрбiр бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып, қарыз қаражатының нысаналы мақсаты көрсетiледi;

Нысанның 11-бағанында қарыз қаражатының әрбiр бағытының атауын және сомасын көрсете отырып, қаражатты мақсатқа сай пайдалану фактiсi көрсетiледi;

Нысанның 12-бағанында бизнес-жобаның iске асырылатын орны көрсетiледi;

Нысанның 13-бағанында ЭҚЖЖ кодын көрсете отырып, қарыз алушының бизнес-жобасы экономиканың қай саласына жататыны көрсетiледi;

Нысанның 14-бағанында бастапқы бизнеске (стартап жобаларға) берiлген микрокредиттердiң сомасы көрсетiледi (теңге);

Нысанның 15-бағанында iсiн жаңа бастаған және жұмыс iстеп жүрген кәсiпкерлерге берiлген микрокредиттердiң сомасы көрсетiледi (теңге);

Нысанның 16-бағанында қарыз алушылар құрылған жұмыс орындарының саны көрсетiледi.

Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 272 Бұйрыққа
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің күші
жойылған кейбір бұйрықтардың тізімі**

1. "Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26747 болып тіркелген).

2. "Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 14 шілдедегі № 263 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28818 болып тіркелген).

3. "Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 536 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31492 болып тіркелген).